		, моторикасын дамыту. Жемістер мен көкөністердің бақта немесе бақшада өсетіні туралы түсінігін кеңейту, олардың атауларын білуге үйрету	Жемістер мен көкөністерді тураймыз Не қайда өседі? Көкөністерді мүсіндеу	
6	Бірдей өрнекті тап	геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.	Сәлем Бірдей өрнекті тап Бет орамалға лайық жамауларды табу Жасырын заттарды тап	20 мин
7	Бір сөзбен ата	Психоэмоционалдық көңіл – күйін жақсарту Баланың тұтастай қабылдау қабілетін дамыту Баланың ойлау қабілетін дамыту	Жылулық шеңбері Суретте қандай заттар жасырылған? Суретте не артық?	20 мин
8	Доп	саусақтардың көмегімен заттарды зерттеу, бір алақаннан екінші алақанға ауыстыру арқылы объектілерді сезіну. Саусақ бұлшықет нүктелеріне массаж жасау. Сөйлеу тілін жетілдіру	«Бір үйде біз нешеуіміз?» жаттығуы Ұсақ саусақ моторикасына арналған ойын жаттығу: «Доп» Серпімді сақинамен санамақ айту	20 мин

9	Айырмашылықты тап	баланың ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Түстерді ажырата білуге үйрету	Жылулық шеңбері Артығын тап Айырмашылықты тап Түстер	20 мин
10	Көлеңкесін тап	баланың ырықты зейінін, қабылдау, ойлау қабілетін жетілдіру. Саусақ моторикасын дамыту	Сәлем Не өзгерді? Не жетіспейді? Көлеңкесін тап	20 мин
11	Қаз балапандары	аяқ бұлшық еттері ширатып содан кейін босаңсыту. Дене, аяқ, қол, мойын бұлшық еттерін алдымен ширықтырып, содан кейін босаңсыту. Қимыл – қозғалыс үйлесімділігін дамытуға және дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету	Сәлемдесу Аяққа арналған жаттығу «Қаз балапандар» жаттығуы «Шалғында» жаттығуы	20 мин
12	Жануарлар немен қоректенеді	Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Аяқ бұлшықеттерінің қимыл – қозғалысын жетілдіру	«Ширату» жаттығу Аяққа арналған жаттығу Қарап ал да, тауып көр! Жануарлар немен қоректенеді?	
13	Жұбын тап	геометриялық фигуралармен таныстыра отырып, бала зейінін, визуалды қабылдау, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Баланың	Су джок добымен қолға массаж Киім жамауын дұрыс тап Жұбын тап	20 мин

		ойлау қабілетін, түстерді ажырата білу қабілетін арттыру. Күн шары туралы түсінік қалыптастыру, пішіні, түсін айту және бала қолының саусақ моторикасын дамыту	«Күн шуағы – бөліктер бойынша сурет салу» - арт – терапиясы	
14	Ақшақар	Тілдік тыныс алуды ретке келтіру, ұсақ моториканы дамыту, қол қозғалысын үйлестіру, визуалды қабылдау.	«Сәлемдесу» жаттығуы «Сабын көпіршігін ұшырайық» жаттығуы «Ақшақар» жаттығуы «Ыстық сүт» тыныс алу жаттығуы «Көктемгі гүлдер» саусақ моторикасына арналған жаттығу	20 мин
15	Әдемі кілемшелер Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.	Геометриялық пішіндерді ажыртуға, салыстыруға жаттықтыру, білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту, бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	«Жұбын тап» «Әдемі кілемшелер» Геометриялық пішіндер құрастыра білу. «Қандай пішін шықты?»	20 мин

Жеке түзете – дамыту бағдарламасы (II жарты жылдыққа)

№	Тақырыбы:	Мақсаты:	Жұмыс түрі мен әдістер	Уақыты / сағаты/
16	«Айна»	Баламен эмоционалдық байланыс орнату. Эмоционалдық стрессті, қорқынышты жою Саусақ моторикасын дамыту. Ойлау қабілетін арттыру.	Баламен эмоционалдық байланыс орнату. Эмоционалдық стрессті, қорқынышты жою бағытында «Сәлемдесу» «Айна» жаттығуы «Мимикалық жаттығу» (айнамен) Саусақ моторикасын дамыту барысында «Жануарларды ата,олардың құйрығын тап»	20 мин
17	Тепе теңдікті сақта	Саусақтардың көмегімен заттарды зерттеу, объектілерді сезіну, Балада қол қозғалысын үйлестіруді, тактильді сезімталдықты, баланың сөйлеу тілін дамытуға ынталандыру,баланың қимыл – қозғалысында тепе – теңдікті сақтай білу қабілеттерін дамыту.	«Сәлемдесу» жаттығуы Баланың қимыл – қозғалысында тепе – теңдікті сақтай білу қабілеттерін дамыту «Тепе теңдікті сақта» жаттығуы «Қолыңды шешіп шық» Саусақтардың көмегімен заттарды зерттеу, объектілерді сезінубағытында «Жарманы екінші ыдысқа құй»	20 мин
18	Кім солай сөйлейді?»	Жануарларды дауысынан ажырата білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету. Дәм сезу арқылы қабылдау қабілетін дамыту.	Жылулық шеңбері Жануарларды дауысынан ажырата білуге «Кім солай сөйлейді?» дидактикалық ойыны	20 мин

		Саусақ моторикасын дамыту.	Дәм сезу арқылы қабылдау қабілетін дамыту бағытында «Не жедім тауып ал». Саусақ моторикасын дамыту бағытында «Алманы боя» жаттығуы	
19	Көбелекті ұста	Баланың жалпы қимыл – қозғалыстық белсенділігін дамыту, жалпақтабандылықты түзету, баланың қалыпты өсуіне физиологиялық жағдай туғызу, балалардың психоэмоциялық жағдайларын жақсарту	Сәлемдесу Шарды ұстап ал Көбелекті ұста Қолымызды тығамыз	20 мин
20	Суретті еске сақта	Баланың естің көлемін, ақпаратты есте сақтау мен қайта жаңғырту процесін диагностикалау. Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Түстерді ажырата білуге, топтастыра білуге үйрету.	«Жылулық шеңбері» Баланың естің көлемін, ақпаратты есте сақтау мен қайта жаңғырту процесін диагностикалау бағытында «Суретті еске сақта» Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету бағытында «Көкөністер мен жемістерді ажырат» Түстерді ажырата білуге «Түстерді топтастыр» жаттығуы	20 мин
21	Не жоғалды?»	Заттарды тұтастай қабылдау деңгейін анықтау. Баланың табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету, қимыл – қозғалыс, жылдамдықтарын дамыту. Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.	Заттарды тұтастай қабылдау деңгейін анықтау бағытында «Не жоғалды?» Қимыл – қозғалыс жылдамдықтарын дамыту бағытында «Күн мен жаңбыр» Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру үшін «Бет орамалға лайық	20 мин

			жамауларды табу» жаттығуы	
22	Жұбы н тап	Психоэмоционалдық көңіл – күйін жақсарту Заттардың арасындағы байланысын түстер арқылы таба білуге үйрету. Баланың логикалық ойлау қабілетін арттыру	Психоэмоционалдық көңіл – күйін жақсарту мақсатында «Бір үйде біз нешеуіміз» Заттардың арасындағы байланысын түстер арқылы таба білуге үйрету үшін «Жұбын тап» Баланың логикалық ойлау қабілетін арттыру мақсатында «Суретті құрастыр» «Қайсысы артық» тапсырмалары	20 мин
23	Сиқырлы қапшық	Саусақ моторикасын дамыту. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. Ұзын – қысқа, жуан – жіңішке, үлкен – кіші ұғымдарын бекіту. Үлкен – кіші, оң – сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін бекіту.	Саусақ моторикасын дамыту бағытында «Сәлем» жаттығуы Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету бағытында «Сиқырлы қапшық» Ұзын – қысқа, жуан – жіңішке, үлкен – кіші ұғымдарын бекіту мақсатында «Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта» «Қолымда не бар?» тапсырамалары	20 мин
24	Бассейн	Баланың қарым – қатынас арқылы сөздік қорын, саусақ моторикасын, сөйлеу қабілетін дамыту, бойындағы қорқыныш жеңе білуді үйрету.	Баланың қарым – қатынас арқылы сөздік қорын, саусақ моторикасын дамыту үшін «Сәлем» жаттығуы, Бала бойындағы қорқыныш жеңе білуді	20 мин

			үйрету бағытында «Тунельден өт» Машинамен келеміз Саусақ моторикасын дамыту бағытында«Бассейн» жаттығуы	
25	Не өзгерді?	Түстерді ажыратуға жаттықтыру, қабылдауын дамыту, ойынның ережесін сақтауға үйрету. Ырықты зейінді дамыту	Түстерді ажыратуға жаттықтыру, қабылдауын дамытуда «Өз үйінді тап» жаттығуы Қимыл – қозғалыс белсенділігін дамыту бағытында «Секіреміз» жаттығуы, Ырықты зейінді дамыту мақсатында «Не өзгерді? »	20 мин
26	Бейнелерді өз орнына орналастыр	Баланың көру арқылы есту қабілетін, зейінін, тез ойлау қабілетін дамыту.Баланың ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, сонымен қатар қолдың жалпы моторикасын жетілдіру. Жануарлардың дауысы мен қимылы арқылы ажыратуға үйрету	Қайсысы ненің дауысы? Бейнелерді өз орнына орналстыр Аттар тұяқтарымен тарсылдатады Қимылын көрсет	20 мин
27	Төлін тапта, көрсет	Үй жануарларын ажырата білуге, жануарға деген сүйіспеншілік, татулыққа, бауырмал болып өсуге тәрбиелеу	Саусақ моторикасын дамыту бағытында «Бір үйде біз нешеуіміз?» жаттығуы, Үй жануарларын ажырата білуге, жануарға деген сүйіспеншілік, татулыққа, бауырмал болып өсуге тәрбиелеу	20 мин

			«Төлін тапта, көрсет». Дыбысты дұрыс айта білуге «Артикуляциялық жаттығу»	
28	Көңіл – күйді бейнеле	Психоэмоционалдық көңіл – күйін жақсарту Баланың қиялын, ойлау қабілетін, шығармашылығын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Түйсініп сезіну қабілеттерін арттыру	«Сәлеметсіңбе құм» жаттығуы Қол іздері Сақина Көңіл – күйді бейнеле	20 мин
29	Көбелекті ұшырамыз	Дұрыс тыныс алуға жаттықтыру. Жай немесе қатты дауыстап сөйлеуді есту кезінде есту және көрнекі көңіл бөлуге үйрету. Сөйлеу тілін жетілдіру	Дұрыс тыныс алуға жаттықтыру мақсатында «Баудағы кім?» «Жыланның ысылы» «Шалқан» жаттығулары Сөйлеу тілін жетілдіру бағытында «Көбелекті ұшырамыз», «Ыстық сүт(шай)»	20 мин
30	Ине мен жіп	қабылдау қабілетін дамыту. Баланы дұрыс тыныс алуға үйрету Дене мүшелерін ажырата білуге үйрету. Саусақ моторикасы мен үлкен және кіші объектілерді ажыратуды үйрету	«Сәлемдесу» жаттығуы «Үстел үсті футбол» «Маша қуыршақты сипатта» «Ине мен жіп» ойыны «Аюлардың дене мүшелерін орналстыр»	20 мин

Жеке түзете – дамыту оқу қызметтерінің конспектісі

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №1

Тақырыбы: Қоян мен құрбақа

Мақсаты: баланың жалпы қимыл- қозғалыстық белсенділігін дамыту; омыртқа жотасының түзу қалыптасуын дамыту. Жалпақтабандылықты түзету.

Күні: 20.09.2023жыл

Жеке жұмысқа қатысушы:Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Педагог - психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	- «Жылулық шеңбері» - Көне, көне тұрайық, - Үлкен шеңбер құрайық - Тұрсақ егер шеңберге, - Алақанды ұрайық.	Жылулық шеңберін айтып қимылмен қайталады
2	Қояндар мен құрбақалар Нұсқау: Бала бір қатар тізбекпен жүріп келеді, «қояндар» деген белгіден кейін секіреді, «құрбақалар»дегенде отыра қалады. Сонан соң жан-жаққа жүгіріп,бір қатар тізбекпен жүреді,одан кейін қайтадан жүгіреді. Бала залдың әр жерлерінде тоқтап тұра қалады. «Қоңыздар» Мақсаты:баланың жалпы қимыл- қозғалыстық белсенділігін дамыту; омыртқа жотасының түзу қалыптасуын дамыту; Нұсқау: Бала бассейндегі шарлардың үстіне арқаларымен жатады да, педагог белгі бергенде қолдары мен аяқтарын бірдей уақытта жоғары көтеріп қоңыздарша қозғалта бастайды. «Күшті аяқтар» Мақсаты:омыртқа жотасының түзу қалыптасуын дамыту; жалпақтабандылықты түзету; бұлшықеттің күші мен тонусын көбейту; Нұсқау: Бала бассейннің қабырғасына арқаларын беріп отырады да педагог белгі бергенде аяқтарымен шарларды итере бастайды.	Бала бір қатар тізбекпен жүріп , «қояндар» деген белгіден кейін секірді, «құрбақалар»дегенде отыра қалды. Сонан соң жан-жаққа жүгіріп,бір қатар тізбекпен жүрді,одан кейін қайтадан жүгірді. Бала залдың әр жерлерінде тоқтап тұра қалды. Бала бассейндегі шарлардың үстіне арқаларымен жатты, педагог белгі бергенде қолдары мен аяқтарын бірдей уақытта жоғары көтеріп қоңыздарша қозғалтты. Бала бассейннің қабырғасына арқаларын беріп отырды да, педагог белгі бергенде аяқтарымен шарларды итерді.

3	Шеңберді біз құрайық Достық әнін салайық Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық Сау бол кездескенше !!!	Өлең жолдарын қайталап айтады Қоштасады
---	--	---

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №2

Тақырыбы: Вагондарға дөңгелек таңдау

Мақсаты: баламен эмоционалдық байланыс орнату. Саусақ моторикасын дамыту. Ойлау қабілетін арттыру.

Күні: 23.09.2023

Жеке жұмысқа қатысушы: Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Педагог - психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	Баламен амандасамыз. Қәнекей бүгінгі көңіл – күйімізді көтеріп, сергіп алу үшін «Шар үрлейік» тыныс алу жаттығуын жасап алайық. Шеңберге тұрайық. фу – фу- фу деп шеңберді созып шар үрлегендей боламыз, шарымыз жарылды деп қолымызды шапалақтаймыз.	«Шар үрлейік» тыныс алу жаттығуын жасады.
2	«Жануарларды ата, олардың құйрығын тап» Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын анықтау. Жүру барысы: Бала бір беттегі жануарлар суретін көрсетеді. (түлкі, қоян, қасқыр). Олардың құйрықтары жоқ, құйрықтары шеңбердің ішіне салынған. Балалар солардың қайсысы ненің құйрығы екенін табу керек. Вагондарға дөңгелек таңдау Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Нұсқау: Бала вагонға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады. « Жұбын тап» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері. Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.	Бала суреттегі құйрығы жоқ жануарлардың құйрығын тауып қыстырғышпен қыстырды.

3	Шеңберді біз құрайық Достық әнін салайық Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық Сау бол кездескенше !!!	Өлең жолдарын қайталап айтады Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады
---	--	--

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №3

Тақырыбы: Қуыршақты құрастыр

Мақсаты: баланың қабылдау қабілетін дамыту. Бет бейнесі, дене бөлшектері туралы түсінік қалыптастыру. қолының ұсақ саусақ моторикасын дамыту

Күні: 30.09.2023

Жеке жұмысқа қатысушы: Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Педагог - психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	- Салеметсіңбе - Бүгінгі көңіл – күйінді смайликтер арқылы бейнеле	Амандасады Көңіл – күйін смайлик арқылы көрсетті
2	«Не жоғалды?» - ойыны Мақсаты: баланың қабылдау қабілетін дамыту Психолог үстел үстіне бірнеше заттар немесе суреттер қояды. Бала барлығын мұқият қарап шығып, теріс қарап тұрады. Психолог бір затты алып тастайды. Бала қалған заттарға қарап, жоғалған затты атауы қажет. «Қуыршақты құрастыр» - дидактикалық ойыны. Мақсаты: Бет бейнесі, дене бөлшектері туралы түсінік қалыптастыру. Нұсқаулық: Психолог балаларға жинастырылмаған кескінделген үлкен және кішірек екі қуыршақ бөлшектерін ұсынады. Нақты тапсырма береді: «Үлкен қуыршақтың үлкен аяғын тапта, орнына орнықтыр!»; «Кіші қуыршақтың аяғын тапта, орнына орнықтыр!»; «Көздеріміз демалсын...» - көзге арналған жаттығу. Қане терең тыныста, Көздеріміз демалсын... (Көздерімізді жұмамыз) Қарашығы айнала, дөңгелене қозғалсын... (Көздерімізді ашып, қарашығын сағат тілімен айналдыра қозғалтамыз) Ашып жауып көзіңді, бірнеше рет қайтала... (Көздерімізді жиі ашып - жұмамыз) Көзім міне демалып, қарайлаймын қуана... (Көздерімізді ашып, қуанамыз) Қуыршақтың көйлегін моншақта Мақсаты: баланың қолының ұсақ саусақ моторикасын дамыту	Үстел істіндегі заттарға мұқият қарап шығады, сосын теріс қарап тұрады. Заттарға қарап, жоғалған затты атауы қажет. Сәйкес қуыршақ бөлшектерін тауып, орнынан орнықтырады.

	Нұсқау: суреттегі қуыршақтың көйлегіне дөңгелек моншақ қиып қағаздан жапсырып әдеміле	Бала психологтың айтқан нұсқаулығы бойынша көз жаттығуларын жасайды. Суреттегі қуыршақтың көйлегіне дөңгелек моншақ қиып жапсырды
3	Сау бол кездескенше !!!	Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №4

Тақырыбы: Сұрыпта

Мақсаты: қолдың жалпы және ұсақ саусақ моторикасын дамыту. Сөйлеу тілін жетілдіру

Күні: 04.10.2023

Жеке жұмысқа қатысушы: Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Педагог - психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	- Жылулық шеңбері - Куан, шаттан, алақай - Келді міне, жарқын күн. - Қайырлы таң, қайырлы күн - Қайырлы таң, қайырлы күн.	Жылулық шеңберін бала қимылмен қайталады
2	«Сұрыпта» Мақсаты: қолдың жалпы және ұсақ саусақ моторикасын дамыту Нұсқау: асбұршақ пен фасольды түріне қарай ажыратып берейік. «Санамақ» ойыны Мақсаты : кіші моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту. Бір, екі, үш, төрт, бес, Анаммен сурет саламын , (алақанды жұмып ашады) Міне басы, міне іші (қолды шеңбер жасап айналдырады) Аяқтары, қолдары, көздері (қолымен кішкентай және үлкен шеңбер салу) Аузы, сақинадан жасалған (ауада сақинаны салу) Әдемі шашы да бар (қолдарын екі жаққа ашады) Оң қолымда бес саусақ (оң қолының саусақтарын көрсету) Сол қолымда бес саусақ (сол қолдың саусақтарын көрсету) Бәрін қоссақ – он саусақ (екі қолының саусақтарын қосу) Оң аяқпен секіремін (екі аяқпен кезек секіру) Сол аяқпен секіремін (орында жүру) Ілгек Матаға алма ағашы бейнесінде белгілеп схема сызып, үстіне сондай кейіпте алма ағашын матадан тігу. Үстіңгі матаға тіліген алма ағашының пішінін астыңғы матадағы алма ағашының үстіне сәйкестендіріп, ілгекпен тағу.	Асбұршақ пен фасольды бір – бірінен ажыратты «Санамақ» ойынын қимылмен қайталады Матадағы бейнені ілгектен ағытып, қайтадан ілгекпен орнына тақты

3	Бүгінгі көңіл – күйлерін смайлик арқылы көрсет. Өте жақсы бүгінгі оқу қызметі ұнағанына қуаныштымын Сау бол кездескенше !!!	Көңіл – күйін смайлик арқылы көрсетті. Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады
---	---	---

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №5

Тақырыбы: Жемістер мен көкөністер

Мақсаты: баланың ептілігін, саусақ бұлшық еттерін , моторикасын дамыту.

Жемістер мен көкөністердің бақта немесе бақшада өсетіні туралы түсінігін кеңейту, олардың атауларын білуге үйрету

Күні: 11.10.2023жыл

Жеке жұмысқа қатысушы:Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Педагог - психологтың іс - әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	Сәлемдесу Салем досым! (Қолмен амандасу). Қалайсың сен? (Иықтарын қағады бір-бірінің) <i>Қайда болдың? (Бір-бінің құлақтарын тартады)</i> <i>Сағындым сені! (Қолдарын жүректеріне қояды)</i> <i>Келдің бе сен? (Қолдарын созады)</i> <i>Қандай жақсы! (Құшақтасады)</i>	Өлең жолдары арқылы қимылмен сәлемдеседі
2	Жемістер мен көкөністерді тураймыз Мақсаты: баланың ептілігін, саусақ бұлшық еттерін , моторикасын дамыту Нұсқау: ыдыстағы ойыншық жемістер мен көкөністерді ойыншық ағаш пышақ арқылы кесіп басқа ыдысқа саламыз «Не қайда өседі?» Мақсаты: жемістер мен көкөністердің бақта немесе бақшада өсетіні туралы түсінігін кеңейту, олардың атауларын білуге үйрету Нұсқау: Балаға педагог жемістер мен көкөністердің атын атап, бақпен бақша суреттеріне апарып, жіктеп іледі. Содан кейін үстел үстіндегі жемістер мен көкөністердің суреттерін араластырып қояды. Бала әрқайсысының өсетін орнына қарай панноға орналастырады Көкөністерді мүсіндеу Мақсаты: баланың саусақ моторикасын, саусақ бұлшықеттерін жетілдіру Нұсқау: көкөністердің пішінін мүсіндеу арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамыту	Ойыншық жемістермен көкөністерді ағаш пышақпен кесіп қасындағы тарелкаға салды Жемістер мен көкөністердің өсетін орнына жайғастырды Ермексаз арқылы көкөністерді мүсіндеді
3	Біз өмірді сүйеміз! Бақытты өмір сүреміз! Біз бәріміз біргеміз! Сау бол кездескенше !!!	Өлең жолдарын қайталап айтады Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №6

Тақырыбы: Бірдей өрнекті тап

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Күні: 17.10.2023жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Педагог - психологтың іс - әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	Салем! Саусақтар сәлемдеседі! (массаж шармен екіге бөліп, оң және сол қол саусақтарын допқа саусақ басын тигізіп амандасады) Бас бармақтар амандасады, сәлем! Балаң үйректер амандасады, сәлем! Ортан теректер амандасады, сәлем! Шылдыр шүмектер амандасады, сәлем! Титтей бөбектер амандасады, сәлем!	Массаж шармен екіге бөліп, оң және сол қол саусақтарын допқа саусақ басын тигізіп амандасады
2	Бірдей өрнекті тап Мақсаты: баланың ойлау қабілетін дамыту Нұсқау: суреттен өрнектері бірдей суреттерді тап Бет орамалға лайық жамауларды табу Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Қажетті құралдар: қағаздан жасалған бет орамалдардың үлгісі, әртүрлі пішіндер. Ойын барысы: Балаға бет орамалдардың үлгісін таратып беру. Алдарындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну. Жасырын заттарды тап Мақсаты: баланың ойлау қабілетін дамыту Нұсқау: суреттегі штрихталған заттардың атауын ата	Бірдей өрнектерді тапты бала Бала қағаздан жасалған бет орамалға лайық жамауын тапты. Бала суреттегі штрихталған ,яғни жасырылған суреттердің атауын тапты
3	Біз өмірді сүйеміз! Бақытты өмір сүреміз! Біз бәріміз біргеміз! Сау бол кездескенше !!!	Өлең жолдарын қайталап айтады Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №7

Тақырыбы: Бір сөзбен ата

Мақсаты: Психоэмоционалдық көңіл – күйін жақсарту. Баланың тұтастай қабылдау қабілетін дамыту. Баланың ойлау қабілетін дамыту

Күні: 28.10.2023жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Педагог - психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	- Жылулық шеңбері - Қуан, шаттан, алақай - Келді міне, жарқын күн. - Қайырлы таң, қайырлы күн - Қайырлы таң, қайырлы күн.	Жылулық шеңберін бала қимылмен қайталады
2	«Суретте қандай заттар жасырылған» әдістемесі Мақсаты: кескіні бойынша бейненің тұтас қабылдануын (ұғынуын) анықтау. Тапсырма: балаға заттардың кескіні бейнеленген сурет ұсынылады. Онда қандай заттардың (барлығы бесеуі бейнеленген) жасырғанын анықтау керек. «Не артық» әдістемесі Мақсаты: белгілі бір топқа жататын нысандарды жіктеу, оған сәйкес келмейтін «артық» нысанды шығарып тастау. Тапсырма: балаға бір топқа жататын заттар және осы заттардың тобына жатпайтын бір зат бейнеленген карточкалар ұсынылады. Оларды қарап көрген бала 1 «артық» суретті алып тастауы тиіс. «Бір сөзбен ата» әдістемесі Мақсаты: осының арқасында оларды бір топқа біріктіруге болатын заттардың өзара қарапайым байланыстарын анықтау икемділіктерін, сондай-ақ баланың заттардың жинақтаушы атауын меңгеру деңгейін анықтау. Тапсырманың сипаттамасы: балаға бір топқа жататын 3 сурет, мысалы, сәбіз, қияр, қызанақтың суреті ұсынылады. Бала берілген суретті жинақтаушы бір ұғыммен атауы тиіс.	Суретте қандай заттар жасырылғанын табады Суреттен 1 артық суретті табады Бір топқа жататын заттарды бір атаумен айтады
3	Бүгінгі көңіл – күйлерін смайлик арқылы көрсет. Өте жақсы бүгінгі оқу қызметі ұнағанына қуаныштымын Сау бол кездескенше !!!	Көңіл – күйін смайлик арқылы көрсетті. Сау болыңыз деп қолын бұлап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №8

Тақырыбы: Доп

Мақсаты: саусақтардың көмегімен заттарды зерттеу, бір алақаннан екінші алақанға ауыстыру арқылы объектілерді сезіну. Саусақ бұлшықет нүктелеріне массаж жасау. Сөйлеу тілін жетілдіру

Күні: 01.11.2023жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Педагог - психологтың іс - әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	«Бір үйде біз нешеуіміз?» жаттығуы Кел санайық екеуіміз Бас бармағым – атам, Балаң үйрек – апам Ортан терек – ағам Шылдыр шүмек мен Титтей бөбек сен Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз (оң, сол қол саусақтарына кезектестіре серпімді сақинаны киіп, ойын ойнау)	Серпімді сақинаны оң және сол саусақтарына кигізу арқылы «Бір үйде біз нешеуіміз» жаттығуын айту арқылы жасады
2	Ұсақ саусақ моторикасына арналған ойын жаттығу: «Доп» Айналдырған добыңды, Қытықтасын қолыңды (сырты бүдір кішкентай шарларды партаға қойып екі алақанымен айналдыр) Енді көтер партадан Жаса солай қайтадан (кішкентай шарлардың біреуін қолыңа алып, екі алақаныңның арасына салып айналдыр)	Өлең жолдарын қайталай отырып, сырты бүдір кішкентай шарларды партаға қойып екі алақанымен айналдырды, одан кейін кішкентай шарлардың біреуін қолыңа алып, екі алақаныңның арасына салып айналдыр

	Серпiмдi сақинамен санамақ айту Бiр – таңертең тұр. Екi – шынығып, бекi Үш – тазала тiс Төрт – сабындап жу бет Бес – сүртiн тез (әр саусақты айтқанда сақинанын айтып қолына киедi)	Санамақты қайталап серпiмдi сақинаны әр саусаққа кигiздi
3	Кел балалар күлейiк Күлкiменен түлейiк Қабак түйген не керек? Көңiлдi болып жүрейiк! Сау бол, кездескенше !!!	Өлең жолдарын қайталап айтады Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №9

Тақырыбы: Айырмашылықты тап

Мақсаты: баланың ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.

Күні: 08.11.2022жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Педагог - психологтың іс - әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	- Бүгін сенің көңіл – күйің қалай? - Біз қуанғанда не істейміз? - Ендеше бір – бірімізге қарап күлімсіреп, бүгінгі күнге сәттілік тілейік	- Жақсы - Күлеміз, қуанамыз
2	Артығын тап Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту Нұсқау: суреттерден артық затты тап  Айырмашылықты тап Мақсаты: зейін қабілетін дамыту Нұсқау: екі суреттегі айырмашылықты тап  «Түстер» ойыны Қызыл түсті көрсеткенде – шапалақтау Жасыл түсті көрсеткенде – тебіну Сары түсті көрсеткенде – үндемеу Ақ түсті көрсеткенде – ра – ра – ра деп сыбырлап айту, Көк түсті көрсеткенде – ура деп айқайлау	Бала суреттегі арттық затты тапты Суреттегі айырмашылықты тапты Қимылмен өлең жолдары арқылы қайталады

3	Кел балалар күлейік Күлкіменен түлейік Күлкі көңіл ашады Күліп өмір сүрейік Сау бол, кездескенше !!!	Өлең жолдарын қайталап айтады Қоштасады
---	---	---


Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №10

Тақырыбы: Көлеңкесін тап

Мақсаты: баланың ырықты зейінін, қабылдау, ойлау қабілетін жетілдіру. Саусақ моторикасын дамыту

Күні: 15.11.2023жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Педагог - психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	Салем! Саусақтар сәлемдеседі! (массаж шармен екіге бөліп, оң және сол қол саусақтарын допқа саусақ басын тигізіп амандасады) Бас бармақтар амандасады, сәлем! Балаң үйректер амандасады, сәлем! Ортан теректер амандасады, сәлем! Шылдыр шүмектер амандасады, сәлем! Титтей бөбектер амандасады, сәлем!	Массаж шармен екіге бөліп, оң және сол қол саусақтарын допқа саусақ басын тигізіп амандасады
2	Не өзгерді Мақсаты: баланың ырықты зейінін дамыту Нұсқау: үстелге үш-төрт ойыншық қойылады. (ойын барысында ойыншық санын көбейтуге болады) Бұдан соң баладан ойыншықтарды есте сақтауы сұралады. 1-2 минуттан соң, баланы теріс қаратып қойып, үстелдің үстіндегі ойыншықтан біреуін алып немесе ойыншықтардың орнын ауыстырып қоямыз. Содан соң баланы бері қаратып, үстелдің үстінен не өзгергенін сұраймыз Не жетіспейді Мақсаты: баланы қабылдау қабілетін дамыту Нұсқау: суретке мұқият қарап не жетіспейтінін тап. <i>Не жетіспейді?</i>  Көлеңкесін тап	Бала ойыншықтарды есіне сақтап, не өзгергенін айтты

	Мақсаты: баланың ойлау қабілетін дамыту Нұсқау: суреттердің көлеңкесін тап 	Бала суреттен не жетіспейтін айтты Бала суреттің көлеңкесін тапты
3	Айбардың жұмысы үшін мадақтап, қоштасамын !!!	Қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №11

Тақырыбы: Қаз балапандары

Мақсаты: аяқ бұлшық еттері ширатып содан кейін босаңсыту. Дене, аяқ, қол, мойын бұлшық еттерін алдымен ширықтырып, содан кейін босаңсыту. Қимыл – қозғалыс үйлесімділігін дамытуға және дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету

Күні: 22.11.2023жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Педагог - психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	- Сәлеметсіңбе - Көңіл – күйің қалай?	- Сәлеметсізбе - тамаша
2	Аяққа арналған жаттығу Мақсаты: аяқ бұлшық еттерін ширатып, содан кейін босаңсыту Шаттанады қол бұлғап. Ұшынан басып аяқтың, Тік тұрайық жығылмай, Өкшесін баспай аяқтың. (аяқтың ұшы көтеріліп, қайтадан жерге түседі) «Қаз балапандары» жаттығуы. Мақсаты: дене, аяқ, қол, мойын бұлшық еттерін алдымен ширықтырып, содан кейін босаңсыту Тізені сәл бүгіндер, Қолды артта ұстандар. Алға мойын созындар, Қазға және ұқсандар «Шалғында» жаттығуы Мақсаты: қимыл – қозғалыс үйлесімділігін дамыту және дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету Шықты үйрек шалғынға - қолдарын белге қойып Кря-кря-кря ... теңселеді. Көңілді қоңыз ұшады - қолдарын «қанат» Ж-ж-ж.... қолып қағады. Мойының созып қаз алға қарай еңкейеді. Шықты – ға-ға-ға.... қолдарын бастан Бұтақтарды жел шайқап - жоғары көтеріп тербелтеді. У-у-у.... Суда камыс шулады - қолдарын төмен түсіріп Ш-ш-ш.... тербелтеді, жүрелеп отырады. Тағы да тыныштық орнатады – ш-ш-ш....	Жаттығуды аяқтың ұшын көтеріп, қайтадан жерге түсіріп жасады Қазға ұқсап қимылмен жаттығуды жасады Өлең жолдары арқылы қимылмен жасап, дауыстап дыбыстарын салды

3	Бүгінгі көңіл – күйлерін смайлик арқылы көрсет. Өте жақсы бүгінгі оқу қызметі ұнағанына қуаныштымын Сау бол кездескенше !!!	Көңіл – күйін смайлик арқылы көрсетті. Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады
---	---	---

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №12

Тақырыбы: Жануарлар немен қоректенеді

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Аяқ бұлшықеттерінің қимыл – қозғалысын жетілдіру

Күні: 06.12.2023жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Педагог - психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	«Ширату» тренингі Таңертеңмен тұрамыз Жаттығуды жасаймыз Беті – қолды жуамыз Әдемілеп киініп Тамақтанып аламыз, Балабақша есігін Қуанып біз ашамыз	Амандасады (қол бұлғау арқылы болсада)
2	Аяққа арналған жаттығу Аяқ башпайларын топырлатады Майда ойыншықтарды аяқ башпайларымен ұстап көтереді де, орамалдың үстіне әкеліп салады. Аяқ башпайларының көмегімен орамалдың бұрыш – бұрышын жабады. «Қарап ал да, тауып көр!» Шарты: мен бидай, тары, бұршақ, күріш, қарақұмықтарды балалар алдына қоямын, олар әуелі қарап, қолдарына ұстап көреді, кейіннен көздерін байлап, қолдарына ұстатып аталған дәндерді тапқыздырамын. «Жануарлар немен қоректенеді?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жүру барысы: Бала жануарлар немен қоректенетінін табу.	Майда ойыншықтарды аяқ башпайларымен ұстап көтерді де, орамалдың үстіне әкеліп салады. Аяқ башпайларының көмегімен орамалдың бұрыш – бұрышын жапты. Бала жануарлардың немен қоректенетінін суреттен көрсетті
3	Кел балалар күлейік Күлкіменен түлейік Қабак түйген не керек? Көңілді болып жүрейік! Сау бол, кездескенше !!!	Өлең жолдарын кайталап айтады Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №13


Тақырыбы: Жұбын тап

Мақсаты: геометриялық фигуралармен таныстыра отырып, бала зейінін, визуалды қабылдау, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Баланың ойлау қабілетін, түстерді ажырата білу қабілетін арттыру. Күн шары туралы түсінік қалыптастыру, пішіні, түсін айту және баланың қолының саусақ моторикасын дамыту

Күні: 13.12.2023жыл

Жеке жұмысқа қатысушы:Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	- Сәлеметсіңбе балақай. - Қане бүгінгі оқу іс – әрекетімізді қолымызға массаж жасаудан бастайық Бала, бала , балақан Кәне қайсы алақан? Саусақтарын айбат Былай, былай ойнап Суджок добы арқылы қолына массаж жасай отырып, өлең жолдарын айтады. Бала қайталайды	Амандасады Суджок добы арқылы қолына массаж жасайды. Өлең жолдарын қайталайды
2	«Киім жамауын дұрыс тап» - ойыны. Мақсаты: геометриялық фигуралармен таныстыра отырып, бала зейінін, визуалды қабылдау, логикалық ойлау қабілетін дамыту.  Нұсқау: Балалар, тігінші апай, балаларының киімдерін жамап жатыр екен. Қане, біз түсі мен пішіндеріне қарай отырып, дұрыс жамаулар таңдауға көмектесейік! Жарайсыңдар! Жұбын тап Мақсаты: баланың ойлау қабілетін, түстерді ажырата білу қабілетін арттыру Нұсқау:Марғау үйдегі аяқ киімдермен ойнап, барлығын араластырып тастапты. Қане, реттеуге тез Көмектесейік 	Балалар киімге сәйкес геометриялық пішіндерді орналастырады Аяқ киімдердің жұбын сызу арқылы қосып табады

	«Күн шуағы – бөліктер бойынша сурет салу» - арт – терапиясы. Мақсаты:күн шары туралы түсінік қалыптастыру, пішіні, түсін айту және баланың қолының саусақ моторикасын дамыту Нұсқау: Бала субояқтың сары түсіне саусағын батыру арқылы күнді бояйды. 	Бала субояқтың сары түсіне саусағын батыру арқылы күнді бояйды.
3	Қол ұстасып тұрайық, Достық әнге салайық. Көріскенше күн жақсы, Сау – сәлемет болайық. - Сау бол!	Қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №14

Тақырыбы: Ақшақар

Мақсаты: тілдік тыныс алуды ретке келтіру, ұсақ моториканы дамыту, қол қозғалысын үйлестіру, визуалды қабылдау.

Күні: 20.12.2022жыл

Жеке жұмысқа қатысушы:Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

Пайдаланылатын құралдар: сабын көпіршігі,субояқ, губка

Жеке – түзете дамыту оқу қызметінің құрылымы:

13.«Сәлемдесу» жаттығуы


14.«Сабын көпіршігін ұшырайық» жаттығуы

15.«Ақшақар» жаттығуы

16.«Ыстық сүт» тыныс алу жаттығуы

17.«Көктемгі гүлдер» саусақ моторикасына арналған жаттығу

18.Қоштасу

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	- Сәлеметсіңбе. Қазіргі көңіл – күйіңді мына тұрған көңіл – күй бейнелері арқылы белгіле	Амандасады Көңіл – күйін көрсетеді
2	Сабын көпіршігін ұшырайық. Бұл жаттығу алдыңғы 3- жаттығуға ұқсас. Сабын көпіршігін елестетіп, болмаса, дайын сабын көпіршігін қолдануға болады. Жаттығу 3-4 рет орындалады. «Ақшақар» жаттығуы. Мақсаты: Ұсақ моториканы дамыту, қол қозғалысын үйлестіру, визуалды қабылдау. Нұсқаулық: Психолог балаларға: Қане Қолымызға қалам алып, үзік сызықтарды жалғап шығайық және аққаланы көк түспен бояуға болады. 	Сабын көпіршіктерін үрледі. Үзік сызықтарды жалғап ақшақарды бастырды
	Ыстық сүт Біз сүтті өте ыстық болғандықтан бірден іше алмаймыз. Сондықтан оны тез суыту үшін көпіршіктерін (бетіндегі қаймағын) итере үріп ішеміз. Кәне, ыстық сүтті үрлейік. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.	

	Көктемгі гүлдер» бояу. <i>Мақсаты:</i> қолдың ұсақ моторикасын дамыту. <i>Нұсқау:</i> губканы субояққа батыру арқылы көктемгі гүлдерді бояу	Үрлеу арқылы ыстық сүтті суытамыз Губканы субояққа батыру арқылы гүлдерді бояды
3	Баланы мадақтап қоштасамыз - Сау бол!	Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады


Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №15

Тақырыбы: Әдемі кілемшелер

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыртуға, салыстыруға жаттықтыру, білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту, бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.

Күні: 26.12.2023жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	- Бүгін сенің көңіл – күйің қалай? - Біз қуанғанда не істейміз? - Ендеше бір – бірімізге қарап күлімсіреп, бүгінгі күнге сәттілік тілейік	- Жақсы - Күлеміз, қуанамыз
2	Жұбын тап Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру, білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту, Нұсқау: балаға геометриялық пішін орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру. Әдемі кілемшелер Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қажетті құралдар: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойын барысы: Бала геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.  Қандай пішін шықты?	Бала геометриялық пішіндердің жұбын тапты Бала геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрады. Таяқшалардан таныс геометриялық

	Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу. Қажетті құралдар: Әрбір балаға 10 данадан санағыш таяқшалары Ойын барысы: психолог балаларға үш таяқша алып, олардан пішін құрастыруды ұсынады. Қандай пішін шықты? Енді төрт таяқша алып, пішін құрастыру ұсынылады. Қандай пішін шықты? Психолог тағы да бір таяқша алып, оны шаршының, төртбұрыштың үстіне қояды ұсынады. Қандай пішін шықты?	пішіндер құрастырды
3	Сау бол кездескенше !!!	Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

II жарты жылдыққа жасалған жеке түзете – дамыту жұмысының конспектісі

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №16

Тақырыбы: Айна

Мақсаты: баламен эмоционалдық байланыс орнату. Эмоционалдық стрессті, қорқынышты жою. Саусақ моторикасын дамыту. Ойлау қабілетін арттыру.

Жеке жұмысқа қатысушы: Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Педагог - психологтың іс – әрекеті	Балалардың әрекеті
1	- Салеметсіңбе Данияр қолыма саусақ театрының қуыршағын киіп алып қолымды бұлғап амандасамын	Амандасады
2	Айна Нұсқау: баламен педагог жұп болып қарама – қарсы тұрады. Екеуінің бірі уақытша айна болып, өз жұптасының барлық қимылын қайталайды. Мимикалық жаттығу (айнамен) Нұсқау: айнаға қарап, көзімізді оңға және солға қозғалтамыз, қабағымызды жоғары және төмен түсіреміз, ұртымызды до құсап үріп томпайтып, жаймен үрлейміз. Осының барлығын айнаға қарап жасаймыз. «Жануарларды ата, олардың құйрығын тап» Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын анықтау. Жүру барысы: Бала бір беттегі жануарлар суретін көрсетеді. (түлкі, қоян, қасқыр). Олардың құйрықтары жоқ, құйрықтары шеңбердің ішіне салынған. Балалар солардың қайсысы ненің құйрығы екенін табу керек.	Бала педагогтың қимылын айна болып дәл солай қайталады. Айнаға қарап бала көз, қабақ, ауызға жаттығу жасады Бала суреттегі құйрығы жоқ жануарлардың құйрығын тауып қыстырғышпен қыстырды.
3	Сау бол кездескенше !!! қол бұлғап қоштасып жатқандығымды түсіндіремін	Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №17

Тақырыбы: Тепе – теңдікті сақта

Мақсаты: Саусақтардың көмегімен заттарды зерттеу, объектілерді сезіну, Балада қол қозғалысын үйлестіруді, тактильді сезімталдықты, баланың сөйлеу тілін дамытуға ынталандыру, баланың қимыл – қозғалысында тепе – теңдікті сақтай білу қабілеттерін дамыту.

Күні: 24.01.2024жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Педагог – психологтың іс - әрекеті	Балалардың әрекеті
1	«Ширату» тренингі Таңертеңмен тұрамыз Жаттығуды жасаймыз Беті – қолды жуамыз Әдемілеп киініп Тамақтанып аламыз, Балабақша есігін Қуанып біз ашамыз	Амандасады. Қимылмен қайталап жасап, өлең жолдарын қайталайды
2	7. Тепе – теңдікті сақта Тақтайшада бала тепе – теңдікті сақтап тұрады, психолог балаға мына өлең жолдарын айтып допты лақтырады. Бала өлең жолдарын қайталап допты қағып алуы керек. Алма кетті домалап Көше бойын жағалап Кім алманы табады Сол ойыннан шығады 8. Қолыңды шешіп шық Баланы көрпешеге құндақтап орап тастаймыз, бала сол құндақты шешіп шығуы керек. 9. Жарманы екінші ыдысқа құй Бала бір ыдыстан келесі ыдысқа жарманы құяды	Бала тақтайшада тұрып, өлең жолдарын қайталап, допты ұстап алды Бала құндақтаулы көрпешеден шешіп шықты Бала бір ыдыстан екінші ыдысқа жарманы құйды.
3	Қол ұстасып тұрайық Әсем әнге салайық Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық !!!	Өлең жолдары арқылы қоштасады Сау болыңыз

Арнайы жеке – түзете дамыту оқу қызметі №18

Тақырыбы: Кім солай сөйлейді?

Мақсаты: жануарларды дауысынан ажырата білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету. Дәм сезу арқылы қабылдау қабілетін дамыту. Саусақ моторикасын дамыту.

Күні: 30.01.2024 жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Педагог - психологтың іс – әрекеті	Баланың іс -әрекеті
1	- «Жылулық шеңбері» - Кәнеки, бір-бірімізбен амандасайық! - Армысың, Әлем! - Армысың, Жарық күн! (Қолдарын жайып, көкке көтереді.) - Армысың, абзал Адам! (Қолын алға созады.) - Армысың, менің досым!	Амандасады қимылды қайталау арқылы
2	Кім солай сөйлейді Мақсаты: жануарларды дауысынан ажырата білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету. Нұсқау: әуенмен жануарлардың дыбыстары шығады. Бала егер айта алса жануардың атын айтып, айта алмаса суреттен көрсетеді. Не жедім, тауып ал Мақсаты: дәм тату арқылы қандай тағам жегенін табу, дәм сезу қабілетін дамыту Нұсқау: педагог жеміс мен көкөністі балаға дәм татырып, көзін жұмғызып, жақсылап шайнап, қандай жеміс немесе көкөніс екенін айтуын сұрайды. Дұрыс тапса ойын соңында жемістен сыйлық беріледі. Алманы боя Мақсаты: саусақ моторикасын дамыту Нұсқау: суреттегі алманы субояққа саусағын батырып, алманы түсіне сәйкес бояу.	Дауысына қарай жануарларды ажыратты Дәм тату арқылы көкніс пен жемісті ажыратты. Суреттегі алманы саусақпен субояқ арқылы бояды.
3	Сау бол кездескенше !!! (қол бұлғап қоштасып жатқандығымды түсіндіремін)	Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі № 19

Тақырыбы: «Көбелекті ұста»

Мақсаты: баланың жалпы қимыл- қозғалыстық белсенділігін дамыту;
жалпақтабандылықты түзету; баланың қалыпты өсуіне физиологиялық жағдай
туғызу; балалардың психоэмоциялық жағдайларын жақсарту;

Күні: 07.02.2024жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

Пайдаланылатын құралдар: құрғақ бассейн

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	Сәлемдесу Сәлем досым! (Қолмен амандасу). Қалайсың сен? (Иықтарын қағады бір-бірінің) <i>Қайда болдың? (Бір-бінің құлақтарын тартады)</i> <i>Сағындым сені! (Қолдарын жүректеріне қояды)</i> <i>Келдің бе сен? (Қолдарын созады)</i> <i>Қандай жақсы! (Құшақтасады)</i>	Өлең жолдары арқылы қимылмен сәлемдеседі
2	«Шарды ұстап ал» Мақсаты: баланың жалпы қимыл- қозғалыстық белсенділігін дамыту; жалпақтабандылықты түзету; Нұсқау: Педагог баланы құрғақ бассейннің үстіне ұстап тұрады да, шарларды екі қолымен ұстауды сұрайды. Кейін бір қолымен ұстауды сұрайды (бастапқыда оң, кейін сол қолымен) «Көбелекті ұста» Мақсаты: баланың жалпы қимыл- қозғалыстық белсенділігін дамыту; баланың қалыпты өсуіне физиологиялық жағдай туғызу; балалардың психоэмоциялық жағдайларын жақсарту; Нұсқау: Педагог бір ұшына көбелек жапсырылған жіпті жоғары көтеріп, құрғақ бассейнді айналып жүреді Бала бассейннің ішінде шарлардың үстінде отырып, көбелекті ұстап алуға тырысады (бастапқыда екі қолымен кейін бір қолымен). «Қолымызды тығамыз» Мақсаты: балаға динамикалық және статистикалық дұрыс демалуды үйрету; жүрек-қан айналым және тыныс алу	бала құрғақ бассейннің үстіне тұрып, шарларды екі қолымен ұстайды. Кейін бір қолымен ұстайды (бастапқыда оң, кейін сол қолымен) Педагог бір ұшына көбелек жапсырылған жіпті жоғары көтеріп, құрғақ бассейнді айналып жүрді. Бала бассейннің ішінде шарлардың үстінде отырып, көбелекті ұстап алуға тырысты (бастапқыда екі

	жүйелерінің қызметтерін жақсарту; дененің тактильдік сезімталдығын жақсарту; Нұсқау: Бала құрғақ бассейннің ішіне екпетінен жатып педагог белгі бергенде қолдарын шарлардың арасына тығып тастайды.	қолымен кейін бір қолымен). Бала құрғақ бассейннің ішіне екпетінен жатып педагог белгі бергенде қолдарын шарлардың арасына тығып тастады.
3	Сау бол келесі кездескенше	Қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №20


Тақырыбы: Суретті еске сақта

Мақсаты: баланың естің көлемін, ақпаратты есте сақтау мен қайта жаңғырту процесін диагностикалау. Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету.

Түстерді ажырата білуге, топтастыра білуге үйрету.

Күні: 13.02.2024жыл

Жеке жұмысқа қатысушы:Ерболат Арсен Мухаммедкалыұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	- «Жылулық шеңбері» - Кәнеки, бір-бірімізбен амандасайық! - Армысың, Әлем! - Армысың, Жарық күн! (Қолдарын жайып, көкке көтереді.) - Армысың, абзал Адам! (Қолын алға созады.) - Армысың, менің досым!	Амандасады қимылды қайталау арқылы
2	Суретті еске сақта Мақсаты: естің көлемін, ақпаратты есте сақтау қайта жаңғырту процесін диагностикалау. Тапсырма: Балаға үш заттық суреттер ұсынылады. Бала суреттерді есте сақтауы керек. Кейін бала есте сақтауы бойынша оларды атап беруі тиіс.  Көкөністер мен жемістерді ажырат Мақсаты: көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету Нұсқау: мына шашылып жатқан жемістер мен көкөністерді екі кәрзіңкеге бөліп сал. Түстерді топтастыр	Бала суреттегі заттарды есіне сақтап, сурет жабылғанда қандай суреттер көрсетілгенін айтты Бала шашылып жатқан жемістер мен көкністерді бөліп ажыратып салды

	Мақсаты: балалар суреттегі дөңгелекшелерге түстеріне сәйкес алмаларды сызып топтастырады. 	Бала суреттегі дөңгелекшелерге сәйкес алмаларды сызып көрсетті
3	Сау бол кездескенше !!!	Қоштасады


Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №21

Тақырыбы: Не жоғалды?

Мақсаты: Заттарды тұтастай қабылдау деңгейін анықтау. Баланың табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету, қимыл – қозғалыс, жылдамдықтарын дамыту. Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Күні: 20.02.2024жыл

Жеке жұмысқа қатысушы:Ерболат Арсен Мұхаммедкалыұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	- Бүгін сенің көңіл – күйің қалай? - Біз қуанғанда не істейміз? - Ендеше бір – бірімізге қарап күлімсіреп, бүгінгі күнге сәттілік тілейік	- Жақсы - Күлеміз, қуанамыз
2	«Суретте қандай заттар жасырылған» әдістемесі Мақсаты: кескіні бойынша бейненің тұтас қабылдануын (ұғынуын) анықтау. Тапсырма: балаға заттардың кескіні бейнеленген сурет ұсынылады. Онда қандай заттардың (барлығы бесеуі бейнеленген) жасырғанын анықтау керек. «Не артық» әдістемесі Мақсаты: белгілі бір топқа жататын нысандарды жіктеу, оған сәйкес келмейтін «артық» нысанды шығарып тастау. Тапсырма: балаға бір топқа жататын заттар және осы заттардың тобына жатпайтын бір зат бейнеленген карточкалар ұсынылады. Оларды қарап көрген бала 1 «артық» суретті алып тастауы тиіс. «Бір сөзбен ата» әдістемесі Мақсаты: осының арқасында оларды бір топқа біріктіруге болатын заттардың өзара қарапайым байланыстарын анықтау икемділіктерін, сондай-ақ баланың заттардың жинақтаушы атауын меңгеру деңгейін анықтау. Тапсырманың сипаттамасы: балаға бір топқа жататын 3 сурет, мысалы, сәбіз, қияр, қызанақтың суреті ұсынылады. Бала берілген суретті жинақтаушы бір ұғыммен атауы тиіс.	Суретте қандай заттар жасырылғанын табады Суреттен 1 артық суретті табады Бір топқа жататын заттарды бір атаумен айтады
3	Бүгінгі көңіл – күйлерін смайлик арқылы көрсет. Өте жақсы бүгінгі оқу қызметі ұнағанына қуаныштымын Сау бол кездескенше !!!	Көңіл – күйін смайлик арқылы көрсетті. Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №8

Тақырыбы: Доп

Мақсаты: саусақтардың көмегімен заттарды зерттеу, бір алақаннан екінші алақанға ауыстыру арқылы объектілерді сезіну. Саусақ бұлшықет нүктелеріне массаж жасау. Сөйлеу тілін жетілдіру

Күні: 01.11.2023жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Педагог - психологтың іс - әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	«Бір үйде біз нешеуміз?» жаттығуы Кел санайық екеуміз Бас бармағым – атам, Балаң үйрек – апам Ортан терек – ағам Шылдыр шүмек мен Титтей бөбек сен Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз (оң, сол қол саусақтарына кезектестіре серпімді сақинаны киіп, ойын ойнау)	Серпімді сақинаны оң және сол саусақтарына кигізу арқылы «Бір үйде біз нешеуміз» жаттығуын айту арқылы жасады
2	Ұсақ саусақ моторикасына арналған ойын жаттығу: «Доп» Айналдырған добыңды, Қытықтасын қолыңды (сырты бүдір кішкентай шарларды партаға қойып екі алақанымен айналдыр) Енді көтер партадан Жаса солай қайтадан (кішкентай шарлардың біреуін қолыңа алып, екі алақаныңның арасына салып айналдыр)	Өлең жолдарын қайталай отырып, сырты бүдір кішкентай шарларды партаға қойып екі алақанымен айналдырды, одан кейін кішкентай шарлардың біреуін қолыңа алып, екі алақаныңның арасына салып айналдыр

	Серпiмдi сақинамен санамақ айту Бiр – таңертең тұр. Екi – шынығып, бекi Үш – тазала тiс Төрт – сабындап жу бет Бес – сүртiн тез (әр саусақты айтқанда сақинанын айтып қолына киедi)	Санамақты қайталап серпiмдi сақинаны әр саусаққа кигiздi
3	Кел балалар күлейiк Күлкiменен түлейiк Қабак түйген не керек? Көңiлдi болып жүрейiк! Сау бол, кездескенше !!!	Өлең жолдарын қайталап айтады Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №9

Тақырыбы: Айырмашылықты тап

Мақсаты: баланың ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.

Күні: 08.11.2022жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Педагог - психологтың іс - әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	- Бүгін сенің көңіл – күйің қалай? - Біз қуанғанда не істейміз? - Ендеше бір – бірімізге қарап күлімсіреп, бүгінгі күнге сәттілік тілейік	- Жақсы - Күлеміз, қуанамыз
2	Артығын тап Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту Нұсқау: суреттерден артық затты тап  Айырмашылықты тап Мақсаты: зейін қабілетін дамыту Нұсқау: екі суреттегі айырмашылықты тап  «Түстер» ойыны Қызыл түсті көрсеткенде – шапалақтау Жасыл түсті көрсеткенде – тебіну Сары түсті көрсеткенде – үндемеу Ақ түсті көрсеткенде – ра – ра – ра деп сыбырлап айту, Көк түсті көрсеткенде – ура деп айқайлау	Бала суреттегі артық затты тапты Суреттегі айырмашылықты тапты Қимылмен өлең жолдары арқылы қайталады

3	Кел балалар күлейік Күлкіменен түлейік Күлкі көңіл ашады Күліп өмір сүрейік Сау бол, кездескенше !!!	Өлең жолдарын қайталап айтады Қоштасады
---	---	---


Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №10

Тақырыбы: Көлеңкесін тап

Мақсаты: баланың ырықты зейінін, қабылдау, ойлау қабілетін жетілдіру. Саусақ моторикасын дамыту

Күні: 15.11.2023жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Педагог - психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	Салем! Саусақтар сәлемдеседі! (массаж шармен екіге бөліп, оң және сол қол саусақтарын допқа саусақ басын тигізіп амандасады) Бас бармақтар амандасады, сәлем! Балаң үйректер амандасады, сәлем! Ортан теректер амандасады, сәлем! Шылдыр шүмектер амандасады, сәлем! Титтей бөбектер амандасады, сәлем!	Массаж шармен екіге бөліп, оң және сол қол саусақтарын допқа саусақ басын тигізіп амандасады
2	Не өзгерді Мақсаты: баланың ырықты зейінін дамыту Нұсқау: үстелге үш-төрт ойыншық қойылады. (ойын барысында ойыншық санын көбейтуге болады) Бұдан соң баладан ойыншықтарды есте сақтауы сұралады. 1-2 минуттан соң, баланы теріс қаратып қойып, үстелдің үстіндегі ойыншықтан біреуін алып немесе ойыншықтардың орнын ауыстырып қоямыз. Содан соң баланы бері қаратып, үстелдің үстінен не өзгергенін сұраймыз Не жетіспейді Мақсаты: баланы қабылдау қабілетін дамыту Нұсқау: суретке мұқият қарап не жетіспейтінін тап. <i>Не жетіспейді?</i>  Көлеңкесін тап	Бала ойыншықтарды есіне сақтап, не өзгергенін айтты

	Мақсаты: баланың ойлау қабілетін дамыту Нұсқау: суреттердің көлеңкесін тап 	Бала суреттен не жетіспейтін айтты Бала суреттің көлеңкесін тапты
3	Айбардың жұмысы үшін мадақтап, қоштасамын !!!	Қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №11

Тақырыбы: Қаз балапандары

Мақсаты: аяқ бұлшық еттері ширатып содан кейін босаңсыту. Дене, аяқ, қол, мойын бұлшық еттерін алдымен ширықтырып, содан кейін босаңсыту. Қимыл – қозғалыс үйлесімділігін дамытуға және дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету

Күні: 22.11.2023жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Педагог - психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	- Сәлеметсіңбе - Көңіл – күйің қалай?	- Сәлеметсізбе - тамаша
2	Аяққа арналған жаттығу Мақсаты: аяқ бұлшық еттерін ширатып, содан кейін босаңсыту Шаттанады қол бұлғап. Ұшынан басып аяқтың, Тік тұрайық жығылмай, Өкшесін баспай аяқтың. (аяқтың ұшы көтеріліп, қайтадан жерге түседі) «Қаз балапандары» жаттығуы. Мақсаты: дене, аяқ, қол, мойын бұлшық еттерін алдымен ширықтырып, содан кейін босаңсыту Тізені сәл бүгіндер, Қолды артта ұстандар. Алға мойын созындар, Қазға және ұқсандар «Шалғында» жаттығуы Мақсаты: қимыл – қозғалыс үйлесімділігін дамыту және дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету Шықты үйрек шалғынға - қолдарын белге қойып Кря-кря-кря ... теңселеді. Көңілді қоңыз ұшады - қолдарын «қанат» Ж-ж-ж.... қолып қағады. Мойының созып қаз алға қарай еңкейеді. Шықты – ға-ға-ға.... қолдарын бастан Бұтақтарды жел шайқап - жоғары көтеріп тербелтеді. У-у-у.... Суда қамыс шулады - қолдарын төмен түсіріп Ш-ш-ш.... тербелтеді, жүрелеп отырады. Тағы да тыныштық орнатады – ш-ш-ш....	Жаттығуды аяқтың ұшын көтеріп, қайтадан жерге түсіріп жасады Қазға ұқсап қимылмен жаттығуды жасады Өлең жолдары арқылы қимылмен жасап, дауыстап дыбыстарын салды

3	Бүгінгі көңіл – күйлерін смайлик арқылы көрсет. Өте жақсы бүгінгі оқу қызметі ұнағанына қуаныштымын Сау бол кездескенше !!!	Көңіл – күйін смайлик арқылы көрсетті. Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады
---	---	---

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №12

Тақырыбы: Жануарлар немен қоректенеді

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Аяқ бұлшықеттерінің қимыл – қозғалысын жетілдіру

Күні: 06.12.2023жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Педагог - психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	«Ширату» тренингі Таңертеңмен тұрамыз Жаттығуды жасаймыз Беті – қолды жуамыз Әдемілеп киініп Тамақтанып аламыз, Балабақша есігін Қуанып біз ашамыз	Амандасады (қол бұлғау арқылы болсада)
2	Аяққа арналған жаттығу Аяқ башпайларын топырлатады Майда ойыншықтарды аяқ башпайларымен ұстап көтереді де, орамалдың үстіне әкеліп салады. Аяқ башпайларының көмегімен орамалдың бұрыш – бұрышын жабады. «Қарап ал да, тауып көр!» Шарты: мен бидай, тары, бұршақ, күріш, қарақұмықтарды балалар алдына қоямын, олар әуелі қарап, қолдарына ұстап көреді, кейіннен көздерін байлап, қолдарына ұстатып аталған дәндерді тапқыздырамын. «Жануарлар немен қоректенеді?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жүру барысы: Бала жануарлар немен қоректенетінін табу.	Майда ойыншықтарды аяқ башпайларымен ұстап көтерді де, орамалдың үстіне әкеліп салады. Аяқ башпайларының көмегімен орамалдың бұрыш – бұрышын жапты. Бала жануарлардың немен қоректенетінін суреттен көрсетті
3	Кел балалар күлейік Күлкіменен түлейік Қабақ түйген не керек? Көңілді болып жүрейік! Сау бол, кездескенше !!!	Өлең жолдарын қайталап айтады Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №13


Тақырыбы: Жұбын тап


Мақсаты: геометриялық фигуралармен таныстыра отырып, бала зейінін, визуалды қабылдау, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Баланың ойлау қабілетін, түстерді ажырата білу қабілетін арттыру. Күн шары туралы түсінік қалыптастыру, пішіні, түсін айту және баланың қолының саусақ моторикасын дамыту

Күні: 13.12.2023 жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	- Сәлеметсіңбе балақай. - Қане бүгінгі оқу іс – әрекетімізді қолымызға массаж жасаудан бастайық Бала, бала , балақан Кәне қайсы алақан? Саусақтарын айбат Былай, былай ойнап Суджок добы арқылы қолына массаж жасай отырып, өлең жолдарын айтады. Бала қайталайды	Амандасады Суджок добы арқылы қолына массаж жасайды. Өлең жолдарын қайталайды
2	«Киім жамауын дұрыс тап» - ойыны. Мақсаты: геометриялық фигуралармен таныстыра отырып, бала зейінін, визуалды қабылдау, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Нұсқау: Балалар, тігінші апай, балаларының киімдерін жамап жатыр екен. Қане, біз түсі мен пішіндеріне қарай отырып, дұрыс жамаулар таңдауға көмектесейік! Жарайсыңдар! Жұбын тап Мақсаты: баланың ойлау қабілетін, түстерді ажырата білу қабілетін арттыру Нұсқау: Марғау үйдегі аяқ киімдермен ойнап, барлығын араластырып тастапты. Қане, реттеуге тез Көмектесейік	Балалар киімге сәйкес геометриялық пішіндерді орналастырады Аяқ киімдердің жұбын сызу арқылы қосып табады



	«Күн шуағы – бөліктер бойынша сурет салу» - арт – терапиясы. Мақсаты:күн шары туралы түсінік қалыптастыру, пішіні, түсін айту және баланың қолының саусақ моторикасын дамыту Нұсқау: Бала субояқтың сары түсіне саусағын батыру арқылы күнді бояйды.	 Бала субояқтың сары түсіне саусағын батыру арқылы күнді бояйды.
3	Қол ұстасып тұрайық, Достық әнге салайық. Көріскенше күн жақсы, Сау – сәлемет болайық. - Сау бол!	Қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №14

Тақырыбы: Ақшақар

Мақсаты: тілдік тыныс алуды ретке келтіру, ұсақ моториканы дамыту, қол қозғалысын үйлестіру, визуалды қабылдау.

Күні: 20.12.2022жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

Пайдаланылатын құралдар: сабын көпіршігі, субояқ, губка

Жеке – түзете дамыту оқу қызметінің құрылымы:

19. «Сәлемдесу» жаттығуы


20. «Сабын көпіршігін ұшырайық» жаттығуы

21. «Ақшақар» жаттығуы

22. «Ыстық сүт» тыныс алу жаттығуы

23. «Көктемгі гүлдер» саусақ моторикасына арналған жаттығу

24. Қоштасу

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	- Сәлеметсіңбе. Қазіргі көңіл – күйіңді мына тұрған көңіл – күй бейнелері арқылы белгіле	Амандасады Көңіл – күйін көрсетеді
2	Сабын көпіршігін ұшырайық. Бұл жаттығу алдыңғы 3- жаттығуға ұқсас. Сабын көпіршігін елестетіп, болмаса, дайын сабын көпіршігін қолдануға болады. Жаттығу 3-4 рет орындалады. «Ақшақар» жаттығуы. Мақсаты: Ұсақ моториканы дамыту, қол қозғалысын үйлестіру, визуалды қабылдау. Нұсқаулық: Психолог балаларға: Қане Қолымызға қалам алып, үзік сызықтарды жалғап шығайық және аққаланы көк түспен бояуға болады.  Ыстық сүт Біз сүтті өте ыстық болғандықтан бірден іше алмаймыз. Сондықтан оны тез суыту үшін көпіршіктерін (бетіндегі қаймағын) итере үріп ішеміз. Кәне, ыстық сүтті үрлейік. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.	Сабын көпіршіктерін үрледі. Үзік сызықтарды жалғап ақшақарды бастырды

	Көктемгі гүлдер» бояу. <i>Мақсаты:</i> қолдың ұсақ моторикасын дамыту. <i>Нұсқау:</i> губканы субояққа батыру арқылы көктемгі гүлдерді бояу	Үрлеу арқылы ыстық сүтті суытамыз Губканы субояққа батыру арқылы гүлдерді бояды
3	Баланы мадақтап қоштасамыз - Сау бол!	Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады


Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №15

Тақырыбы: Әдемі кілемшелер

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыртуға, салыстыруға жаттықтыру, білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту, бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.

Күні: 26.12.2023жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	- Бүгін сенің көңіл – күйің қалай? - Біз қуанғанда не істейміз? - Ендеше бір – бірімізге қарап күлімсіреп, бүгінгі күнге сәттілік тілейік	- Жақсы - Күлеміз, қуанамыз
2	Жұбын тап Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру, білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту, Нұсқау: балаға геометриялық пішін орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру. Әдемі кілемшелер Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қажетті құралдар: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойын барысы: Бала геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.  Қандай пішін шықты?	Бала геометриялық пішіндердің жұбын тапты Бала геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрады. Таяқшалардан таныс геометриялық

	Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу. Қажетті құралдар: Әрбір балаға 10 данадан санағыш таяқшалары Ойын барысы: психолог балаларға үш таяқша алып, олардан пішін құрастыруды ұсынады. Қандай пішін шықты? Енді төрт таяқша алып, пішін құрастыру ұсынылады. Қандай пішін шықты? Психолог тағы да бір таяқша алып, оны шаршының, төртбұрыштың үстіне қояды ұсынады. Қандай пішін шықты?	пішіндер құрастырды
3	Сау бол кездескенше !!!	Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

II жарты жылдыққа жасалған жеке түзете – дамыту жұмысының конспектісі

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №16

Тақырыбы: Айна

Мақсаты: баламен эмоционалдық байланыс орнату. Эмоционалдық стрессті, қорқынышты жою. Саусақ моторикасын дамыту. Ойлау қабілетін арттыру.

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Педагог - психологтың іс – әрекеті	Балалардың әрекеті
1	- Салеметсіңбе Данияр қолыма саусақ театрының қуыршағын киіп алып қолымды бұлғап амандасамын	Амандасады
2	Айна Нұсқау: баламен педагог жұп болып қарама – қарсы тұрады. Екеуінің бірі уақытша айна болып, өз жұптасының барлық қимылын қайталайды. Мимикалық жаттығу (айнамен) Нұсқау: айнаға қарап, көзімізді оңға және солға қозғалтамыз, қабағымызды жоғары және төмен түсіреміз, ұртымызды до құсап үріп томпайтып, жаймен үрлейміз. Осының барлығын айнаға қарап жасаймыз. «Жануарларды ата, олардың құйрығын тап» Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын анықтау. Жүру барысы: Бала бір беттегі жануарлар суретін көрсетеді. (түлкі, қоян, қасқыр). Олардың құйрықтары жоқ, құйрықтары шеңбердің ішіне салынған. Балалар солардың қайсысы ненің құйрығы екенін табу керек.	Бала педагогтың қимылын айна болып дәл солай қайталады. Айнаға қарап бала көз, қабақ, ауызға жаттығу жасады Бала суреттегі құйрығы жоқ жануарлардың құйрығын тауып қыстырғышпен қыстырды.
3	Сау бол кездескенше !!! қол бұлғап қоштасып жатқандығымды түсіндіремін	Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №17

Тақырыбы: Тепе – теңдікті сақта

Мақсаты: Саусақтардың көмегімен заттарды зерттеу, объектілерді сезіну, Балада қол қозғалысын үйлестіруді, тактильді сезімталдықты, баланың сөйлеу тілін дамытуға ынталандыру, баланың қимыл – қозғалысында тепе – теңдікті сақтай білу қабілеттерін дамыту.

Күні: 24.01.2024жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Педагог – психологтың іс - әрекеті	Балалардың әрекеті
1	«Ширату» тренингі Таңертеңмен тұрамыз Жаттығуды жасаймыз Беті – қолды жуамыз Әдемілеп киініп Тамақтанып аламыз, Балабақша есігін Қуанып біз ашамыз	Амандасады. Қимылмен қайталап жасап, өлең жолдарын қайталайды
2	10. Тепе – теңдікті сақта Тақтайшада бала тепе – теңдікті сақтап тұрады, психолог балаға мына өлең жолдарын айтып допты лақтырады. Бала өлең жолдарын қайталап допты қағып алуы керек. Алма кетті домалап Көше бойын жағалап Кім алманы табады Сол ойыннан шығады 11. Қолыңды шешіп шық Баланы көрпешеге құндақтап орап тастаймыз, бала сол құндақты шешіп шығуы керек. 12. Жарманы екінші ыдысқа құй Бала бір ыдыстан келесі ыдысқа жарманы құяды	Бала тақтайшада тұрып, өлең жолдарын қайталап, допты ұстап алды Бала құндақтаулы көрпешеден шешіп шықты Бала бір ыдыстан екінші ыдысқа жарманы құйды.
3	Қол ұстасып тұрайық Әсем әнге салайық Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық !!!	Өлең жолдары арқылы қоштасады Сау болыңыз

Арнайы жеке – түзете дамыту оқу қызметі №18

Тақырыбы: Кім солай сөйлейді?

Мақсаты: жануарларды дауысынан ажырата білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету. Дәм сезу арқылы қабылдау қабілетін дамыту. Саусақ моторикасын дамыту.

Күні: 30.01.2024 жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Педагог - психологтың іс – әрекеті	Баланың іс -әрекеті
1	- «Жылулық шеңбері» - Кәнеки, бір-бірімізбен амандасайық! - Армысың, Әлем! - Армысың, Жарық күн! (Қолдарын жайып, көкке көтереді.) - Армысың, абзал Адам! (Қолын алға созады.) - Армысың, менің досым!	Амандасады қимылды қайталау арқылы
2	Кім солай сөйлейді Мақсаты: жануарларды дауысынан ажырата білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету. Нұсқау: әуенмен жануарлардың дыбыстары шығады. Бала егер айта алса жануардың атын айтып, айта алмаса суреттен көрсетеді. Не жедім, тауып ал Мақсаты: дәм тату арқылы қандай тағам жегенін табу, дәм сезу қабілетін дамыту Нұсқау: педагог жеміс мен көкөністі балаға дәм татырып, көзін жұмғызып, жақсылап шайнап, қандай жеміс немесе көкөніс екенін айтуын сұрайды. Дұрыс тапса ойын соңында жемістен сыйлық беріледі. Алманы боя Мақсаты: саусақ моторикасын дамыту Нұсқау: суреттегі алманы субояққа саусағын батырып, алманы түсіне сәйкес бояу.	Дауысына қарай жануарларды ажыратты Дәм тату арқылы көкніс пен жемісті ажыратты. Суреттегі алманы саусақпен субояқ арқылы бояды.
3	Сау бол кездескенше !!! (қол бұлғап қоштасып жатқандығымды түсіндіремін)	Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі № 19

Тақырыбы: «Көбелекті ұста»

Мақсаты: баланың жалпы қимыл- қозғалыстық белсенділігін дамыту;
жалпақтабандылықты түзету; баланың қалыпты өсуіне физиологиялық жағдай
туғызу; балалардың психоэмоциялық жағдайларын жақсарту;

Күні: 07.02.2024жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

Пайдаланылатын құралдар: құрғақ бассейн

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	Сәлемдесу Салем досым! (Қолмен амандасу). Қалайсың сен? (Иықтарын қағады бір-бірінің) <i>Қайда болдың? (Бір-бінің құлақтарын тартады)</i> <i>Сағындым сені! (Қолдарын жүректеріне қояды)</i> <i>Келдің бе сен? (Қолдарын созады)</i> <i>Қандай жақсы! (Құшақтасады)</i>	Өлең жолдары арқылы қимылмен сәлемдеседі
2	«Шарды ұстап ал» Мақсаты: баланың жалпы қимыл- қозғалыстық белсенділігін дамыту; жалпақтабандылықты түзету; Нұсқау: Педагог баланы құрғақ бассейннің үстіне ұстап тұрады да, шарларды екі қолымен ұстауды сұрайды. Кейін бір қолымен ұстауды сұрайды (бастапқыда оң, кейін сол қолымен) «Көбелекті ұста» Мақсаты: баланың жалпы қимыл- қозғалыстық белсенділігін дамыту; баланың қалыпты өсуіне физиологиялық жағдай туғызу; балалардың психоэмоциялық жағдайларын жақсарту; Нұсқау: Педагог бір ұшына көбелек жапсырылған жіпті жоғары көтеріп, құрғақ бассейнді айналып жүреді Бала бассейннің ішінде шарлардың үстінде отырып, көбелекті ұстап алуға тырысады (бастапқыда екі қолымен кейін бір қолымен). «Қолымызды тығамыз» Мақсаты: балаға динамикалық және статистикалық дұрыс демалуды үйрету; жүрек-қан айналым және тыныс алу	бала құрғақ бассейннің үстіне тұрып, шарларды екі қолымен ұстайды. Кейін бір қолымен ұстайды (бастапқыда оң, кейін сол қолымен) Педагог бір ұшына көбелек жапсырылған жіпті жоғары көтеріп, құрғақ бассейнді айналып жүрді. Бала бассейннің ішінде шарлардың үстінде отырып, көбелекті ұстап алуға тырысты (бастапқыда екі

	жүйелерінің қызметтерін жақсарту; дененің тактильдік сезімталдығын жақсарту; Нұсқау: Бала құрғақ бассейннің ішіне екпетінен жатып педагог белгі бергенде қолдарын шарлардың арасына тығып тастайды.	қолымен кейін бір қолымен). Бала құрғақ бассейннің ішіне екпетінен жатып педагог белгі бергенде қолдарын шарлардың арасына тығып тастады.
3	Сау бол келесі кездескенше	Қоштасады


Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №20

Тақырыбы: Суретті еске сақта

Мақсаты: баланың естің көлемін, ақпаратты есте сақтау мен қайта жаңғырту процесін диагностикалау. Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Түстерді ажырата білуге, топтастыра білуге үйрету.

Күні: 13.02.2024жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	- «Жылулық шеңбері» - Кәнеки, бір-бірімізбен амандасайық! - Армысың, Әлем! - Армысың, Жарық күн! (Қолдарын жайып, көкке көтереді.) - Армысың, абзал Адам! (Қолын алға созады.) - Армысың, менің досым!	Амандасады қимылды қайталау арқылы
2	Суретті еске сақта Мақсаты: естің көлемін, ақпаратты есте сақтау қайта жаңғырту процесін диагностикалау. Тапсырма: Балаға үш заттық суреттер ұсынылады. Бала суреттерді есте сақтауы керек. Кейін бала есте сақтауы бойынша оларды атап беруі тиіс.  Көкөністер мен жемістерді ажырат Мақсаты: көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету Нұсқау: мына шашылып жатқан жемістер мен көкөністерді екі кәрзіңкеге бөліп сал. Түстерді топтастыр	Бала суреттегі заттарды есіне сақтап, сурет жабылғанда қандай суреттер көрсетілгенін айтты Бала шашылып жатқан жемістер мен көкністерді бөліп ажыратып салды

	Мақсаты: балалар суреттегі дөңгелекшелерге түстеріне сәйкес алмаларды сызып топтастырады. 	Бала суреттегі дөңгелекшелерге сәйкес алмаларды сызып көрсетті
3	Сау бол кездескенше !!!	Қоштасады


Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №21

Тақырыбы: Не жоғалды?

Мақсаты: Заттарды тұтастай қабылдау деңгейін анықтау. Баланың табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету, қимыл – қозғалыс, жылдамдықтарын дамыту. Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Күні: 20.02.2024жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	- Бүгін сенің көңіл – күйің қалай? - Біз қуанғанда не істейміз? - Ендеше бір – бірімізге қарап күлімсіреп, бүгінгі күнге сәттілік тілейік	- Жақсы - Күлеміз, қуанамыз
2	«Не жоғалды» әдістемесі Мақсаты: Заттарды тұтастай қабылдау деңгейін анықтау. Тапсырма: балаға белгілі бір бөліктері жоқ ойыншықтар суреті ұсынылады. Бала ойыншықтың жоғалған мүшелерін тауып алу керек.  Күн мен жаңбыр Мақсаты: баланың табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету, қимыл – қозғалыс, жылдамдықтарын дамыту. Нұсқау: «Күн» дегенде жүгіреді, ойнайды. «Жаңбыр» дегенде бастарын бұғып, қолдарымен қолшатыр жасап отыра қалады. Бет орамалға лайық жамауларды табу Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.	бала белгілі бір бөліктері жоқ ойыншықтардың мүшелерін тапты «Күн мен жаңбыр» ойынын ойнады

	Қажетті құралдар: қағаздан жасалған бет орамалдардың үлгісі, әртүрлі пішіндер. Ойын барысы: Балаға бет орамалдардың үлгісін таратып беру. Алдарындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну.	Бала қағаздан жасалған бет орамалға лайық жамауын тапты.
3	Сау бол кездескенше !!!	Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №22

Тақырыбы: Жұбын тап

Мақсаты: заттардың арасындағы байланысын түстер арқылы таба білуге
үйрету. баланың логикалық ойлау қабілетін арттыру

Күні: 03.03.2024ж

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	«Бір үйде біз нешеуіміз?» жаттығуы Кел санайық екеуіміз Бас бармағым – атам, Балаң үйрек – апам Ортан терек – ағам Шылдыр шүмек мен Титтей бөбек сен Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз (оң, сол қол саусақтарына кезектестіре серпімді сақинаны киіп, ойын ойнау)	Серпімді сақинаны оң және сол саусақтарына кигізу арқылы «Бір үйде біз нешеуіміз» жаттығуын айту арқылы жасады
2	Жұбын тап Мақсаты: заттардың арасындағы байланысын түстер арқылы таба білуге үйрету. Педагог – психолог балаға қолғаптарды береді. Осы жерден қолғаптардың түсіне сәйкес екінші жартысын табу сұралады. Суретті құрастыр Мақсаты: баланың ойлау қабілетін дамыту Педагог – психолог балаға 3 -4 бөлікке бөлінген суретті береді. Балалар үлгінің көмегінсіз суретті құрастырады.	Түстеріне сәйкес қолғаптардың екінші сыңарын тапты 3-4 бөлікке бөлінген суретті құрастырды

	Қайсысы артық ? Мақсаты: баланың логикалық ойлау қабілетін арттыру Нұсқау: суреттегі геометриялық пішіндердің пішінен артығын тап 	Суреттегі геометриялық пішіндердің ішінен артығын тапты
3	Сау бол кездескенше !!!	Сау болыңыз деп қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі № 23

Тақырыбы: Сиқырлы қапшық

Мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. Ұзын – қысқа, жуан – жіңішке, үлкен – кіші ұғымдарын бекіту. Үлкен – кіші, оң – сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін бекіту.

Күні: 17.03.2024

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс- әрекеті
1	Салем! Саусақтар сәлемдеседі! (массаж шармен екіге бөліп, оң және сол қол саусақтарын допқа саусақ басын тигізіп амандасады) Бас бармақтар амандасады, сәлем! Балаң үйректер амандасады, сәлем! Ортан теректер амандасады, сәлем! Шылдыр шүмектер амандасады, сәлем! Титтей бөбектер амандасады, сәлем!	Массаж шармен екіге бөліп, оң және сол қол саусақтарын допқа саусақ басын тигізіп амандасады
2	Сиқырлы қапшық Мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету Нұсқау: «Сиқырлы қапшықтың» ішінен бала қолын тығып затты ұстап көріп, пішінін анықтайды. Ойыншықты алған соң пішінін дұрыс анықтады ма әлде жоқпа соны анықтап айтады, түсін айтады. Көзінді жұмып, қолыңмен анықта Мақсаты: ұзын – қысқа, жуан – жіңішке, үлкен – кіші ұғымдарын бекіту. Нұсқау: бала сипап – сезу арқылы заттың ұзын – қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Балаға көзінді жұмып, қарындаштың ұзын – қысқалығын анықта деген тапсырма берілді.	«Сиқырлы қапшықтың» ішінен бала қолын тығып затты ұстап көріп, пішінін анықтады. Бала көзін жұмып, қарындаштың ұзын – қысқалығын анықтады

	Қолымда не бар? Мақсаты: үлкен – кіші, оң – сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін бекіту. Нұсқау: баланың қолына үлкендігі әртүрлі заттарды ұстатамын. Мысалы: үлкен – кіші тастар. Бала қолына қарамастан сипап – сезу арқылы үлкен – кіші заттың оң және сол қолында екенін анықтайды.	Бала қолына берілген затты ұстау арқылы заттың үлкен немесе кіші екенін, оң жақ қолында заты үлкенбе, кіші ме, сол жақ қолындағы заты үлкенбе, кіші ме соны анықтап айтты
3	Сау бол кездескенше !!! (қол бұлғап қоштасып жатқандығымды түсіндіремін)	Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №24

Тақырыбы:Бассейн

Мақсаты: баланың қарым – қатынас арқылы сөздік қорын, саусақ моторикасын, сөйлеу қабілетін дамыту, бойындағы қорқыныш жеңе білуді үйрету.

Күні: 28.03.2024жыл

Жеке жұмысқа қатысушы:Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	Салем! Саусақтар сәлемдеседі! (массаж шармен екіге бөліп, оң және сол қол саусақтарын допқа саусақ басын тигізіп амандасады) Бас бармақтар амандасады, сәлем! Балаң үйректер амандасады, сәлем! Ортан теректер амандасады, сәлем! Шылдыр шүмектер амандасады, сәлем! Титтей бөбектер амандасады, сәлем!	Массаж шармен екіге бөліп, оң және сол қол саусақтарын допқа саусақ басын тигізіп амандасады
2	10.«Тунельден» өт Нұсқау: бала тунелдің бір жағынан кіріп екінші жағынан шығу керек 11. «Машинамен келеміз» (балаға ойын арқылы қимылды қайталатуға болады) Педагог: машинамен келеміз (рөлді айналдырады) Бала : Би-би-би (рөлді айналдырады) педагог: Паровоз болып жүреміз (Қолдарымен алға-артқа қимылдар жасайды) бала : Чух-чух-чух (Ол да сол қимылды қайталайды). 12.Бассейн Шарты: Бір ыдысқа бұршақты немесе асбұршақты төгеміз де, ішіне баланы қызықтыратын бір ойыншықты көміп қоямыз. Содан соң баладан оны тауып беруін өтінеміз.Бұл қызықтыру жаттығуы кезінде баладан алыстап кетпеңіз. Себебі ұсақ нәрселерді аузына салып алу қаупі бар.	Бала тунельдің бір жағынан кіріп екінші жағынан шығады Бала «Машинамен келеміз» ойынында психологтың қимылын қайталайды Бала ыдыстағы асбұршақтың ішінен тығып қойған ойыншықтарды тауып алды
3	Сау бол келесі кездескенше !!!	Сау болыңыз деп қолын бұлғап Қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №25

Тақырыбы: Не өзгерді?

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру, қабылдауын дамыту, ойынның ережесін сақтауға үйрету. Ырықты зейінді дамыту

Күні: 04.04.2024жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	- Салеметсіңбе қолыма саусақ театрының қуыршағын киіп алып қолымды бұлғап ата болып амадасамын	Амандасады (қол бұлғау арқылы болсада)
2	Өз үйінді тап Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру, қабылдауын дамыту, ойынның ережесін сақтауға үйрету. Нұсқау: балалаға түрлі – түсті дөңгелектер таратуға, түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша бала дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады. «Секіреміз» Дөңгелек кілемшенің үстінен қос аяқтап санап секіреді (бір, екі, үш т.б.) «Не өзгерді? » Мақсаты: ырықты зейінді дамыту Нұсқау: Үстелге үш-төрт ойыншық қойылады. (ойын барысында ойыншық санын көбейтуге болады) Бұдан соң баладан ойыншықтарды есте сақтауы сұралады. 1-2 минуттан соң, баланы теріс қаратып қойып, үстелдің үстіндегі ойыншықтан біреуін алып немесе ойыншықтардың орнын ауыстырып қоямыз. Содан соң баланы бері қаратып, үстелдің үстінен не өзгергенін сұраймыз.	Бала түрлі – түсті дөңгелек бойынша алдында тұрған шеңберлерге өз түсі бойынша тұра қалады Дөңгелек кілемшеге қос аяқтап 1,2,3 деп санап секіреді Бала үстел үстіндегі ойыншықтарға қарап алып, одан кейін не өзгергенін айтты
3	Сау бол кездескенше !!!	Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №26

Тақырыбы: Бейнелерді өз орнына орналастыр

Мақсаты: баланың көру арқылы есту қабілетін, зейінін, тез ойлау қабілетін дамыту. Баланың ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, сонымен қатар қолдың жалпы моторикасын дамыту. Жануарлардың дауысы мен қимылы арқылы ажырату қабілетін дамыту

Күні: 11.04.2024жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	- Бүгін сенің көңіл – күйің қалай? - Біз қуанғанда не істейміз? - Ендеше бір – бірімізге қарап күлімсіреп, бүгінгі күнге сәттілік тілейік	- Жақсы - Күлеміз, қуанамыз
2	Қайсысы ненің дауысы? Мақсаты: баланың көру арқылы есту қабілетін, зейінін, тез ойлау қабілетін дамыту Нұсқау: жануарлардың бейнесі белгіленген кілемшемен жүру арқылы, әрбір жануарды басқанда дауысы шығады. Бала қалай дыбысталатынын салады және ненің дауысы екенін суретке қарап айтады Бейнелерді өз орнына орналастыр Мақсаты: баланың ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, сонымен қатар қолдың жалпы моторикасын дамыту Нұсқау: жерде жайылған кілемшелерде заттар бейнеленген. Заттардың кейбір бөліктері алынады. Педагог сол алынатын бөліктерді алып тастайды. Бала әр затты өз орнына қоюы керек. Аттар тұяқтарымен тарсылдатады Мақсаты: балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «р» дыбысын анық айтуға жаттықтыру Нұсқаулық: психолог «Аттар жолда жүргенде тұяқтарымен тарсылдатады (тілмен таңдайын қағып көрсетеді)» балаға тілімен таңдайын тақылдатып қағуды ұсынды. Балалар тіл мен таңдай арқылы аттардың жүргенде тұяқтарымен тарсылдатып жүргенін салады	Бала кілемшемен жүру арқылы дыбысты ажыратты. Ненің даусы екенін тапты. Жайылған кілемшеден жоқ бөліктерді орнына орналастырды Тіл мен таңдай арқылы аттың тұяғымен жүрген

	Қимылын көрсет Мақсаты: жануарлардың дауысы мен қимылы арқылы ажырату қабілетін дамыту Нұсқау: суреттегі жануарлардың қимылын көрсетіп, дауысы сал	дыбысын салып істеді Жануарлардың қимылын көрсетті
3	Қол ұстасып тұрайық, Достық әнге салайық. Көріскенше күн жақсы, Сау – сәлемет болайық. - Сау бол!	Қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №27

Тақырыбы: Төлін тап та, көрсет

Мақсаты: үй жануарларын ажырата білуге, жануарға деген сүйіспеншілік, татулыққа, бауырмал болып өсуге тәрбиелеу

Күні: 18.04.2024жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	«Бір үйде біз нешеуіміз?» жаттығуы Кел санайық екеуіміз Бас бармағым – атам, Балаң үйрек – апам Ортан терек – ағам Шылдыр шүмек мен Титтей бөбек сен Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз (оң, сол қол саусақтарына кезектестіре серпімді сақинаны киіп, ойын ойнау)	Серпімді сақинаны оң және сол саусақтарына кигізу арқылы «Бір үйде біз нешеуіміз» жаттығуын айту арқылы жасады
2	Төлін тап та, көрсет Мақсаты: үй жануарларын ажырата білуге, жануарға деген сүйіспеншілік, татулыққа, бауырмал болып өсуге тәрбиелеу Нұсқау: қазір мен үй жануарларының суретін ілемін. Сен соның төлін табуға көмектесесің. Түйе – бота, сиыр – бұзау, жылқы – құлын, қой – қозы, ешкі – лақ. Баланың ойындағы ынтасын бақылау Артикуляциялық жаттығу Шар жарылғанда қандай дыбыс шығады?	Үй жануарларының төлін тапты



	Қаздар балапанына қарап не істейді?  (пах-пах) Орманда қатты жел соқты. Ағаштардың басы қозғалды. Қандай дыбыс шығарады? (ш-ш-ш) 	Пах – пах- пах - Ш,-ш,-ш,-ш
3	Сау бол кездескенше !!!	Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №28

Тақырыбы: Көңіл – күйді бейнеле

Мақсаты: Баланың қиялын, ойлау қабілетін, шығармашылығын, қолдарының ұсақ моторикасын дамыту. Түйсініп сезіну қабілеттерін арттыру.

Күні: 05.05.2024жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	«Сәлеметсің бе, құм!» жаттығуы - Құммен амандасамыз. Ол үшін саусақтармен, алақанмен: «Сәлеметсің бе, құм!» деп ұстаймыз. Құмды алақаныңмен ұста, қатты ма, жұмсақ па? Құрғақ құм ба, су құм ба? Осы құмды жылыту үшін күн суретін салайық.	Амандасады
2	«Қол іздері» деп аталатын. Ойын барысы: Құмның тегіс беткі қабатына қол іздерінді салыңдар: ішкі және сыртқы жақпен. Қолды сәл басыңқырап, құмда ұстап тұру және өз түйсігіңді сезіну маңызды. Психолог: маған ұнайды. Мен құмның салқындығын немесе жылылығын, құрғақтығын немесе ылғалдығын сезініп тұрмын. Ал сендер ше? (баланың жауабы). Мен қолымды қозғалтқанда ұсақ құмдарды сеземін. Ал сендер не сезесіңдер? (баланың жауабы). Саусағыңмен құмды уқала. Құмды себелеп құй «Сақина» ойыны Сақина жасауды білеміз бе? Онда сақинаны әдемі етіп мына құмның бетіне бейнелеп көрейікші. (Құмға сақинаның суретін салады.) Көңіл – күйді бейнеле Мақсаты: баланың көңіл – күйін көтеру, саусақ моторикасын дамыту Нұсқау: бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? Онда бүгінгі көңіл – күйіңді құмға бейнеле	Құмның тегіс беткі қабатына қол іздерін салды: ішкі және сыртқы жақпен. Құмның құрғақ, жылы екендігін айтты Құмның бетіне сақинаның суретін салды Құмға бүгінгі көңіл – күйін бейнеледі
3	Қол ұстасып тұрайық, Достық әнге салайық. Көріскенше күн жақсы, Сау – сәлемет болайық. - Сау бол!	Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №29

Тақырыбы: Көбелекті ұшырамыз

Мақсаты: Дұрыс тыныс алуға жаттықтыру. Жай немесе қатты дауыстап сөйлеуді есту кезінде есту және көрнекі көңіл бөлуге үйрету. Сөйлеу тілін жетілдіру

Күні: 13.05.2024

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	- Бүгін сенің көңіл – күйің қалай? - Біз қуанғанда не істейміз? - Ендеше бір – бірімізге қарап күлімсіреп, бүгінгі күнге сәттілік тілейік	- Жақсы - Күлеміз, қуанамыз
2	Баудағы кім? Ара болсаң, ызыңда З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з- з-з) - қатты\жай  Жыланның ысылы. Жылан қалай дыбыстайды? Ыс-с—ыс-сссс....  Шалқан. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «О...о...о!» деп таң қалды. Көбелекті ұшырамыз. Алдын-ала түрлі-түсті қағаздан кішігірім көбелектер үлгісін дайындаймын да, оны жіпке бекітемін. Содан соң балаға таратып беріп, бұл жаттығудың қалай орындалатынын түсіндіремін. Бала жіп ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, көбелекті ерін деңгейінде ұстайды. Сол мезетте мұрын арқылы ауа жұтып, ауа ағымын көбелекке қарай, оны «ұшыру» үшін бағыттайды. Жаттығу 1-2 рет қайталанады.	З-з-з, ж-ж-ж, з-з-з, ж-ж-ж (қатты және жай дауыстады) Ыс-с—ыс-сссс. ...деп дыбыс шығарды «О...о. о!» деп таң қалған дыбыс шығарды

	Осы жаттығуды жіпке ілінген «ақшақарларды» да қолданып орындауға болады. Ыстық сүт (шәй). Біз сүтті өте ыстық болғандықтан бірден іше алмаймыз. Сондықтан оны тез суыту үшін көпіршіктерін (бетіндегі қаймағын) итере үріп ішеміз. Кәне, ыстық сүтті үрлейік. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.	Бала жіп ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, көбелекті ерін деңгейінде ұстап, сол мезетте мұрын арқылы ауа жұтып, ауа ағымын көбелекке қарай, оны «ұшыру» үшін бағыттады Ыстық сүтті суыту үшін үрлеп тыныс алу жаттығуын жасады
3	Сау бол кездескенше !!!	Сау болыңыз деп қоштасады

Жеке – түзете дамыту оқу қызметі №30

Тақырыбы: «Ине мен жіп»

Мақсаты: қабылдау қабілетін дамыту. Баланы дұрыс тыныс алуға үйрету Дене мүшелерін ажырата білуге үйрету. Саусақ моторикасы мен үлкен және кіші объектілерді ажыратуды үйрету

Күні: 20.05.2024жыл

Жеке жұмысқа қатысушы: Мұқанбет Әлихан Бекенұлы

№	Психологтың іс – әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1	- Салеметсіңбе	Амандасады (қол бұлғау арқылы болсада)
2	«Үстел үсті футбол» Мақсаты: баланы дұрыс тыныс алуға үйрету Мазмұны: екі қақпа жасап, екі бала ортаға дөңгелек шар қойып үрлеуі керек. Бірінші демді ішке тартып, сосын шығару керек. Екеуі бір – бірінің қақпасына допты кіргізу керек. Кім үрлеу арқылы кіргізеді, сол жеңімпаз Маша қуыршақты сипатта Мақсаты: дене мүшелерін ажырата білуге үйрету Нұсқау: маша қуыршақтың көзін, ауыз, құлақ, мұрын, бет, екі қол, екі аяқ, денесін көрсет «Ине мен жіп» ойын. Мақсаты: қабылдау қабілетін дамытуға арналған. Жүргізуші: мен ине боламын, ал сен жіпсің. Сен менің артымнан белімнен ұстап тұр. Қазір алдымызда тұрған кедергілер арасынан үзілмей жүгіреміз. Кім жіпті үзсе сол ойыннан шығады. Аюлардың дене мүшелерін орналстыр Мақсаты: саусақ моторикасы мен үлкен және кіші объектілерді ажыратуды үйрету Нұсқау: үстел үсті ойыншығы аюдың пішіндеріне сәйкес ағаш бөліктерін яғни дене мүшелерін киімдерімен орналастырады.	Допты үрлеу арқылы допты қақпаға кіргізді Маша қуыршақтың дене мүшелерін нұсқау бойынша көрсетіп атады Мен ине болып, ол менің артымнан жіп болып, кедергілердің арасынан үзілмей өтіп шықты үстел үсті ойыншығы аюдың пішіндеріне сәйкес ағаш бөліктерін яғни дене мүшелерін киімдерімен орналастырды.

3	Қол ұстасып тұрайық, Достық әнге салайық. Көріскенше күн жақсы, Сау – сәлемет болайық. - Сау бол!	Сау болыңыз деп қолын бұлғап қоштасады
---	--	---

